

ҚҰРЫЛТАЙ

23 тамыз

августа

ЖАҢАРУ ҮШІН

ДАУЫС БЕР!

ГОЛОСУЙ

ЗА ОБНОВЛЕНИЕ!

www.election.gov.kz

ӘЛЕУЖЕЛІГЕ ТӘУЕЛДІЛІК:

ҚЫЗЫҚ ПА, ҚАУІП ПЕ?

5-БЕТ | САРАПТАМА

ТАҚИЯМЫЗ НЕГЕ

ТАР БОЛЫП ЖҮР?

6-БЕТ | РУХАНИЯТ



АҚОРДА



ЖИ БОЛАШАҒЫН АДАМДАР АЙҚЫНДАЙДЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Дүниежүзілік жасанды интеллект конференциясының ашылу рәсіміне қатысты. Шанхайда өткен дәстүрлі жиын биыл «Жарқын болашақ үшін жасанды интеллект саласындағы серіктестік» тақырыбына арналды.

АДАМЗАТ ИГІЛІГІНЕ ҚЫЗМЕТ ЕТЕДІ

Мемлекет басшысы бұл конференция Қытайдың жасанды интеллект саласындағы айтулы жетістіктерін айқын көрсететінін атап өтті.

«Бүгінде дүние жүзіндегі жасанды интеллектті зерттеушілердің жартысынан астамы – Қытай елінің өкілдері. ЖИ саласындағы патенттердің басым бөлігі қытайлық жаңашыл мамандарға тиесілі. Ал елдің қарқынды инновациялық экожүйесі озық технологиялардың көптеген бағытында соны серпіліс жасауда» деді Президент.

Мемлекет басшысы Дүниежүзілік жасанды интеллект конференциясында жарияланған «Барша адамзат игілігіне қызмет ететін ЖИ» тұжырымдамасына қолдау білдірді.

«Технологиялық прогресті баршаның игілігіне айналдыруға күш-жігер жұмылдырғанда осы ұсынылған қағидаттарды басшылыққа алған жөн деп санаймын. Келешектің келбетін өзара сенім мен ортақ мүддеге сай тығыз ынтымақтастық орнатып, серіктесе әрекет ететіндер айқындайды. Мен бұған кәміл сенемін. Осы орайда Төраға Си Цзиньпин ұсынған «Адамзаттың ортақ тағдыры қоғамдастығын» құру туралы тұжырымдаманың маңызы зор. Қазақстан алысты болжаған бұл бастаманы жоғары бағалайды әрі жасанды интеллект дәуірінде оның өзектілігі артып келеді деп санайды» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент қазіргі Қытайдың даму стратегиясын айқындаған Си Цзиньпиннің көшбасшылық қасиеттеріне айрықша назар аударды.

«2029 жылы қазан айында елдеріңіз Қытай Халық Республикасының құрылғанына 80 жыл толуын атап өтеді. Сексен жыл – бір адамның тұтас ғұмыры, ал Қытай оның жартысын саяси және экономикалық дүрбелеңдердің зиянды салдарымен күресуге сарп етті. Небәрі 40 жыл ішінде қарқынды дамыған Қытай зор табысқа жетіп, кедейлікті толық еңсерді және сан салалы экономикасы бар, әсіресе, жоғары технологиялар бойынша көш бастаған әлемдік державаға айналды. Бұл – Қытай Коммунистік партиясы мен оның билікті де бірегей жетекшісі, Төраға Си Цзиньпиннің еңбегі» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

ӘДІЛ ДАМУДЫҢ ҚОЗҒАУШЫ КҮШІ

Президенттің пікірінше, ЖИ экономика, сауда және жаһандық

өзара байланыстың болашағын айқындайтын, толыққанды инфрақұрылымы бар салаға айналып келеді.

«БҰҰ дерегіне сәйкес, жасанды интеллект инфрақұрылымына және онымен байланысты технологияларға салынған инвестиция жылына орта есеппен 47 пайызға өскен. 2033 жылға қарай жаһандық ЖИ нарығының көлемі шамамен 5 триллион долларға жетеді деп болжанып отыр. Демек, бір нәрсе анық: жасанды интеллектті басқару жүйесі кешенді сипатқа ие болуға тиіс. Ол жартылай өткізгіштер мен деректерді өңдеу орталықтарынан бастап этика, білім беру және адамның қадір-қасиетін қорғауға дейінгі бүкіл бағытты қамтуы қажет. Сонымен қатар трансформация үдерісі геосаяси шиеленіс ушығып, ірі әлемдік державалар арасындағы сенімге селкеу түскен, жік-жікке бөлінген кезеңде жүріп жатыр. Өкінішке қарай, мемлекеттердің көбі қақтығыстарға тосқауыл қоюға мән бермейді, есесіне оның салдарын жоюға күш-жігерін сарқа жұмсайды. Жасанды интеллект алдын ала ескерту жүйесін, превентивті дипломатияны, гуманитарлық көмек пен бітімгерлік әрекеттерді күшейту арқылы бізге осы қисынсыз түсінікті өзгертетін тарихи мүмкіндік беріп отыр» деді Мемлекет басшысы.

Президенттің пайымдауынша, жасанды интеллект, ең бастысы, әділ әрі инклюзивті дамудың қозғаушы күші бола алады.

«Бірде-бір ел жасанды интеллектіні тұтынудымен шектелмеуге тиіс. Адами капиталы мен цифрлық инфрақұрылымын дамытып, институционалдық әлеуетін көтеруге кез келген мемлекеттің мүмкіндігі болуы керек. Бұл жерде әңгіме тағы да әділдік пен адалдыққа барып тіреледі. Жасанды интеллектіні экономика мен қоғам игілігіне пайдалану, сөйте тұра оны адамның саналы әрі қабілетті басқаруында қалдыру – баршамызға ортақ міндет. Сондықтан Қазақстан Дүниежүзілік жасанды интеллект саласындағы ынтымақтастық ұйымының құрылуын тарихи шешім деп санайды. Аталған ұйым ЖИ-ді басқаратын әмбебап құрылымның негізін қалайтынына сенімдіміз. Ол күллі адамзаттың өсіп-өркендеуі мен қауіпсіздігін қамтамасыз ететін өзара тиімді серіктестік тегігі болуы қажет» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

ҚАТЕРЛЕРДЕН ҚОРҒАЙТЫН ІС-ШАРАЛАР КЕРЕК

Мемлекет басшысы Алматыда БҰҰ ЭСКАТО жанынан орнықты даму мақсаттарына арналған Азия-

Тынық мұхиты цифрлық шешімдер орталығы ашылатынын мәлімдеді. Мемлекет басшысы трансұлттық цифрлық инфрақұрылым жасақтауға және ЖИ саласындағы саясатты өзара үйлестіруге қатысты бірқатар ұсынысты ортаға салды.

«Біз «Қазақстан-Қытай цифрлық көпірін» іске қосуды ұсынамыз. Басты мақсат – цифрлық сауданы жандандыру және «Бір белдеу, бір жол» бастамасы аясында цифрлық экономикаларды ықпалдастырудың тиімді үлгісін қалыптастыру. Өңдеу секторы, тау-кен өнеркәсібі, энергетика, ауыл шаруашылығы, денсаулық сақтау және су ресурстарын басқару секілді салаларда жасанды интеллектіні қауіпсіз әрі кеңінен енгізу ісін жеделдеткен жөн. Жасанды интеллектіні реттейтін ұлттық саясат пен заңдық тетіктерді өзара үйлестіру айрықша мәнге ие. ЖИ жүйелерін тестілеу мен сертификаттаудың ортақ стандарттарын түзу де өте маңызды. Біз жасанды интеллекттің теріс мақсатқа пайдаланудың алдын алатын, соның ішінде кибершабуыл, дипфейк, цифрлық алаяқтық пен басқа да қатерлерден қорғайтын пәрменді шаралар әзірлеуіміз керек. Келесі жылды екі елде Жасанды интеллект саласындағы бірлескен бастамалар жылы деп жариялауды ұсынамыз. Қытай Үкіметі мұны қолдаса, зор ризашылықпен қабылдай едік» деді Мемлекет басшысы.

Президент жұртшылықтың ЖИ-ді түсініп, бағалау және реттеу бағытындағы ұжымдық қабілеті қалыптасып үлгергенше, оның мүмкіндіктері әлдеқайда озып кетуде деп санайды. Бұл орайда жасанды интеллектіні дамыту ісі өзара текетірес пен әскери бәсекеге емес, бейбітшілік пен тұрақты даму қағидаттарына негізделуі қажет.

«Мен ұйымға мүше мемлекеттер мен мүдделі тараптардың барлығын жасанды интеллект стандарттары мен этикасын реттейтін тұрақты сарапшылық платформа құруға шақырамын. Сайып келгенде, ЖИ-дің болашағын адамдар айқындайды. Сондықтан алдағы уақытта аталған саланы жетік меңгерген мамандарға сұраныс күшейеді. Біз жастарды цифрлық машықтарды игеруге, сыни ойлауға, ізденімпаздыққа және жоғары этикалық жауапкершілікке баулуымыз керек. Осыған орай Қазақстан Дүниежүзілік Жасанды интеллект саласындағы ынтымақтастық ұйымы аясында халықаралық мектептер желісін, озық тәжірибе орталықтарын және академиялық серіктестік құруды ұсынады» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

ЖЕДЕЛХАТ ЖОЛДАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Испания Королі VI Фелипеге құттықтау жеделхатын жолдады. Қазақстан Президенті Король VI Фелипе мен барша испан халқын Испания ұлттық құрамасының футболдан әлем біріншілігіндегі жарқын жеңісімен және екі дүркін әлем чемпионы атануымен құттықтады.

«Ұлттық құрамаңыздың жоғары шеберлігі, үйлесімді командалық ойыны және жеңіске деген жігері миллиондаған жанкүйерді тәнті етті. Испанияның жаһандық деңгейде мойындалған футболдан озық тәжірибесі баршаға үлгі. Осы ретте

биыл Қазақстанда «Атлетико Мадрид» клубы академиясының ашылғанын ерекше қуанышпен атап өтемін. Бұл бастама халықтарымыз арасындағы достық пен сан қырлы ынтымақтастықты нығайтуға, сондай-ақ жастар арасындағы байланыстар-

ды тереңдетуге зор серпін береріне кәміл сенемін» деп жазылған жеделхатта.

Қасым-Жомарт Тоқаев VI Фелипенің ел мүддесіне бағытталған игі бастамаларына сәттілік, ал достас испан халқына бақ-береке тіледі.

ҮКІМЕТ



ҚАНДАЙ НЫСАНДАР ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ?

Мемлекет басшысының тапсырмаларын жүзеге асыру аясында өңірлерде экономиканы әртараптандыру, өңдеуші өнеркәсіпті дамыту және импортты алмастыру бағытында жүйелі жұмыс атқарылып келеді. Атап айтқанда, жаңа өндіріс орындары, логистика және әлеумет нысандары пайдалануға берілді. Бұл туралы Үкіметтің баспасөз қызметі ақпарат таратты.

Алматы облысы Қарасай ауданында құны 4,7 млрд теңге болатын кешен ашылды. Жылдық қуаты – 10 мың тонна металл конструкциясы мен 300 мың м³ бетон. Сонымен қатар сэндвич-панельдер мен модульдік ғимараттар өндіріледі. 80 жаңа жұмыс орны ашылды. Өнім ішкі нарықта сатылады және Қырғызстан мен Өзбекстанға экспортталады.

Алматы облысы Қарасай ауданындағы 50 гектар аумақта «А» санатындағы қойма кешенінің бірінші кезеңі іске қосылды. Бірінші кезеңге салынған инвестиция көлемі – 20 млрд теңге (жобаның жалпы құны – 70 млрд теңге). Кешен 3PL логистика қызметін көрсетеді, ал қоймалардың жалпы ауданы 160 мың м²-ге

жетеді. Жоба аясында 1,2 мың жұмыс орны ашылады, қазіргі уақытта 135 адам жұмыспен қамтылған.

Арал қаласында құны 3 млрд теңге болатын кешен іске қосылды (оның 1,8 млрд теңгесі – «Өнеркәсіпті дамыту қоры» арқылы жеңілдетілген қаржыландыру). Жылына шамамен 400 тонна өнім өндірілетін бұл зауытта 23 адам тұрақты жұмыспен қамтылады. Кәсіпорын жергілікті мал өсірушілерден тәулігіне 20 мың литрге дейін шикізат өндейді.

Арал қаласында құны 1,8 млрд теңге болатын жоғары сұрыпты ас тұзын өндіретін кәсіпорын ашылды. Жылдық өндіріс қуаты – 40 мың тонна. 20 тұрақты жұмыс орны ашылды. Өнім ішкі нарықты қамтамасыз

етіп, көршілес елдерге экспортталады.

Түркістан облысындағы «Тулап» АЭА-да құны 5 млрд теңге болатын ламинат өндіретін зауыт іске қосылды. Бірінші кезеңде ішкі нарық үшін жылына 840 мың м² ламинат өндіріледі және 65 жұмыс орны ашылды. Екінші кезең іске қосылғаннан кейін өндіріс қуаты жылына 2,4 млн м²-ге дейін артып, жұмыс орындарының саны 150-ге жетеді.

Ақтөбе облысы Алға ауданында жалпы аумағы 3 мың м² болатын жүзу бассейні мен футбол алаңы бар дене шынықтыру-сауықтыру кешені пайдалануға берілді. Нысан тәулігіне 150 адамға дейін қабылдай алады және ауыл жастарының бұқаралық спортпен айналысуына мүмкіндік береді.

МЕТАЛЛ КОНСТРУКЦИЯЛАРЫ ЖӘНЕ БЕТОН ЗАУЫТЫ



ҮНДЕУ ЖАСАДЫ

Ішкі істер министрлігі ата-аналар мен жүргізушілерге балалардың қауіпсіздігіне ерекше назар аударуға шақырды. Министрлік жаз мезгілінде ауа температурасының жоғарылауына байланысты жабық көлік салоны адам өміріне қауіпті жағдайға айналуы мүмкін екенін ескертеді. Әсіресе бұл балалардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіреді.

ІІМ ата-аналарға балаларды көлікте қараусыз қалдырмауды, тіпті қысқа уақытқа да кетпеуді; көлік есіктерін үнемі құлыптап, кілтті балалардың қолы жетпейтін жерде сақтауды; терезені сәл ашық қалдыру

салон ішіндегі температура- ны айтарлықтай төмендетпейтінін ескеруді сұрайды. Сондай-ақ көлікте жалғыз қалған баланы байқасаңыз, дереу 112 нөміріне хабарлау немесе оның қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін қа-

жетті шараларды қабылдау қажет.

ІІМ мәліметінше, сыртқы ауа температурасы 30-35°C болған кезде көлік салонындағы температура 10-15 минут ішінде 50-60°C-қа дейін көтерілуі мүмкін.

ҚҰРЫЛТАЙ ДЕПУТАТТАРЫН САЙЛАУҒА ДАЙЫНДЫҚ АСТАНАДА САЙЛАУҒА ҚАТЫСУШЫЛАРҒА АРНАЛҒАН АУҚЫМДЫ ОҚЫТУ БАҒДАРЛАМАСЫ БАСТАЛДЫ

2026 жылғы 23 тамызға белгіленген Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарын сайлауға дайындық аясында Астанада сайлауға қатысушыларға арналған кешенді оқыту бағдарламасын іске асыру басталды. Тиісті іс-шаралар жоспарын қалалық аумақтық сайлау комиссиясы бекітті.

Бағдарлама 2026 жылғы **8 шілде мен 21 тамыз** аралығында өтеді және қаланың аумақтық және учаскелік сайлау комиссияларының барлық мүшелерін қамтиды.

Оқытудың негізгі мақсаты – сайлауды дайындау және өткізу рәсімдерін бірыңғай түсінуді қамтамасыз ету, сайлау комиссиялары мүшелерінің құқықтық және кәсіби біліктілігін арттыру, сондай-ақ сайлау процесіне қатысушылар арасында үйлесімділікті жақсарту.

Барлығы **4256-дан** астам қатысушыны қамтитын **1782** оқыту сабағын өткізу жоспарланған.

Оқыту каскадтық модель бойынша ұйымдастырылған және төрт кезеңнен тұрады.

Бірінші кезең 8-14 шілде аралығында өтеді және жаңадан



құрылған сегіз учаскелік сайлау комиссиясының төрағаларына, төраға орынбасарларына әрі хатшыларына арналған. Практикалық семинарлар барысында қатысушылар сайлауды ұйымдастыру негіздерін, комиссиялардың өкілетін және сайлау процесін өткізу тәртібін зерделейді.

15-24 шілде аралығында өтетін екінші кезең тұрақты әрі кәсіби негізде жұмыс істейтін аумақтық сайлау комиссияларының мүшелеріне арналған. Бұл – бағдарламаның ең қарқынды бөлігі. Ол жалпы саны 18 қатысушыға арналған 13 оқу сабағын қамтиды.

Заманауи сайлау технологияларына, заңнамалық өзгерістерге, сондай-ақ дауыс беруді ұйымдастыру, сайлаушыларды ақпараттандыру, сайлау алдындағы үгіт-насихат жұмыстары, ішкі байқау, өтініштер мен шағымдарды қарау және аумақтық әрі учаскелік комиссиялар мен жергілікті атқарушы органдар арасындағы өзара іс-қимыл мәселелеріне ерекше назар аударылады.

24 шілде мен 14 тамыз аралығын қамтитын үшінші кезең аудандық аумақтық комиссиялар мен сайлау учаскелері комиссияларының басшылығын оқытуды көздейді; барлығы 112 іс-шараны өткізіп, оған 1233 қатысушыны қамту жоспарланған. Семинарлардан бөлек, бағдарламаға комиссия мүшелеріне сайлау күніндегі іс-әрекетін пысықтауға мүмкіндік беретін «Дауыс беру күні» атты интерактивті имитациялық жаттығу да енгізілген.

ТӨРТІП ПЕН ТАЗАЛЫҚ ДӘСТҮРІ

(Соңы. Басы 1-бетте)

«Заң мен тәртіп» қағидаты және «Таза Қазақстан» экология акциясы аясында Ботаникалық бақ аумағында әкімдік, полиция және прокуратура қызметкерлері бірлесіп, профилактикалық рейд өткізді. Негізгі мақсат – тұрғындарға қоғамдық орындарда өзін-өзі ұстау қағидаларын еске салу, аумақтың ластануының алдын алу және заңсыз сауданың жолын кесу.

Астана қаласы Есіл ауданы әкімінің орынбасары Бақытжан Алдауовтың айтуынша, мұндай тексерулер күн сайын өтеді. Әсіресе Ботаникалық баққа, желілік саябаққа және «Бәйтерек» монументі маңына ерекше назар аударылады. Демалушыларға Ботаникалық бақ аумағында пикник ұйымдастыруға болмай-тыны, ал спортпен тек арнайы жабдықталған алаңдарда ғана айналысу қажет екені түсіндірілді. Бұл туралы ескерту белгілері саябақтың барлық аумағында орнатылған.



– Біз тұрғындарға профилактикалық түсіндіру жүргіземіз. Сонымен қатар заңсыз саудагерлерден тәтті мақта сатып алу мен балаларға арналған электр көліктерін жалға алудың қауіпті екенін түсіндіреміз. Мұндай өнімдер сертификатталмаған, ал кәсіпкерлер оның салдары үшін жауапкершілік арқаламайды. Дәл сол сияқты аккумулятормен жүретін балаларға арналған көліктер де аптап ыстықта өрт шығу қаупін тудыруы мүмкін, – деді Бақытжан Алдауов.

4-21 тамыз аралығына жоспарланған оқытудың төртінші кезеңі каскадтық әдіспен жүзеге асады және 1655 іс-шараны қамтитын ең ауқымды кезең болмақ. Ол Астана қаласындағы учаскелік сайлау комиссияларының барлық 2994 мүшесін қамтиды. Іс-шаралар бағдарламасына практикалық семинарлар, типтік жағдаяттарды талдау, іскерлік ойындар және қорытынды бағалау кіреді.

Сонымен қатар **17-21 тамыз аралығында** Қазақстан Республикасының дипломатиялық өкілдіктері жанындағы комиссия мүшелеріне арналған сегіз онлайн-семинар, жабық сайлау учаскелеріндегі комиссиялар үшін 35 көшпелі семинар (барлығы 175 қатысушыны қамтитын), сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралдарының, қоғамдық бірлестіктердің, құқық қорғау органдарының, байланыс орталықтары мен жергілікті атқарушы органдардың өкілдеріне арналған арнайы оқыту сабақтарын өткізу жоспарланған.

Сайлау комиссиясы мүшелерін сапалы оқыту – сайлауды заң талаптарын қатаң сақтай отырып өткізудің басты шарты. Жүйелі оқыту сайлау рәсімдерінің бірізді қолданылуын қамтамасыз етеді, комиссия жұмысының тиімділігін арттырады және ашық, айқын әрі жақсы ұйымдастырылған сайлау науқаны үшін қажетті жағдайлар жасайды.



ЗАҢ МЕН ТӨРТІП

полиция қызметкерлері алдымен профилактикалық сипаттағы шараларды қолданып, мұндай әрекеттерге жол бермеу қажеттігін ескертеді, – деді ол.

Профилактикалық жұмысқа полиция қызметкерлері де белсенді қатысады. Астана қаласы Есіл аудандық полиция басқармасы бастығының орынбасары Қайрат Төлеповтің айтуынша, мұндай бірлескен рейдтер тұрақты түрде өтіп жүр.

– Басты мақсатымыз – профилактика. Біз елорда тұрғындары мен қонақтарының жайлы демалғанын, сонымен қатар олар өздерінен кейін қоқыс қалдырмай, қоғамдық кеңістіктерге ұқыпты қарауын қалаймыз. Тағы бір маңызды бағыт – қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету. Рейд барысында азаматтарға көпшілік демалыс орындарындағы тәртіп қағидаларын түсіндіріп, заң талаптарын сақтауға шақырамыз, – деді полиция өкілі.

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

ҚҰРЫЛТАЙ
23 тамыз
августа



ЖАҢАРУ ҮШІН

ДАУЫС БЕР!

ГОЛОСУЙ
ЗА ОБНОВЛЕНИЕ!



«Elorda Aqparat» ЖШС, «Astana aqshamy», «Вечерняя Астана» газеттерінің және Elorda.info желілік басылымының меншік иесі ретінде, Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 қыркүйектегі Конституциялық заңына («Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы») және Қазақстан Республикасы Президентінің 2026 жылғы 1 шілдедегі №1338 Жарлығына («Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаттарын кезектен тыс сайлауды тағайындау туралы») сәйкес, үгіт-насихат баспа материалдарын орналастыру үшін баспа алаңдарын ұсыну шарттары туралы хабарлайды.

МЕКЕМЕГЕ ЖОЛДНАТЫН ЖАЗБАША ӨТІНІШТЕ МЫНАДАЙ МӘЛІМЕТТЕР КӨРСЕТІЛУІ ТИІС:



Жазбаша өтініштің тіркеу нөмірі, күні және уақыты;



Кандидаттың тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), сондай-ақ өтініш беруші сенім білдірген тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса);



Өтініш беруге өкілетін растайтын құжаттар: кандидаттың (немесе сенім білдірген тұлғаның) жеке басын куәландыратын құжат, уәкілетті мемлекеттік орган берген кандидаттың (немесе сенім білдірген тұлғаның) куәлігі немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де құжат;



Жоспарланған баспа алаңының көлемі мен жариялану мерзімі, үгіт баспа материалының түрі көрсетілген өтініштің мазмұны; кандидаттың немесе сенім білдірген тұлғаның қолы.

Жазбаша өтініштерді «Elorda Aqparat» ЖШС 2026 жылғы 23 шілдеден 21 тамызға дейін (қоса алғанда) жұмыс күндері сағат 08:30-дан 18:00-ге дейін мына мекенжай бойынша қабылдайды: Астана қаласы, Достық көшесі, 13, 222-кабинет. Жарияланатын материалдарда олардың төленгені туралы ақпарат, материалдың шығуына жауапты тұлғалар, қаржыландыру көзі және ақпаратты ұсынған тұлғаның тегі көрсетілуі тиіс.

Баспа материалдарын орналастыру кезегін «Elorda Aqparat» ЖШС жазбаша өтініштердің келіп түсу ретіне қарай белгілейді.

Үгіт материалдары «Elorda Aqparat» ЖШС-ке газет жарық көретін күнге дейін кемінде 1 (бір) жұмыс күні бұрын модуль немесе мақала түрінде ұсынылуы және шартқа қол қоюға уәкілетті тұлғаның қолымен расталуы тиіс.

Газеттің үгіт-насихат баспа материалдарын орналастырудан бас тартуға құқығы бар: егер оларда

конституциялық құрылысты күшпен өзгертуге үндеу, республиканың тұтасын бұзуға бағытталған әрекеттерді насихаттау, мемлекеттің қауіпсіздігіне нұқсан келтіру, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни немесе рулық араздықты тудыру, қатыгездік пен зорлық-зомбылықты насихаттау, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген әскериленген құралымдарды құруға үндеу немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де негіздер болған жағдайда.

Газет сондай-ақ кандидаттың немесе саяси партияның ар-намысына, қадір-қасиетіне және іскерлік беделіне нұқсан келтіруі мүмкін ақпарат қамтылған жағдайда, материалды жариялаудан бас тартуға құқылы.

Осы хабарламада көрсетілген баспа алаңдарын ұсыну шарттары мен тәртібі уәкілетті органдардың талаптарына сәйкес өзгертілуі мүмкін.

БАСПА АЛАҢДАРЫН ҰСЫНУ ҮШІН ТӨЛЕМ МӨЛШЕРІ

Қызмет түрі	Құны, КҚС-пен бірге
«Astana aqshamy» және «Вечерняя Астана» газеттерінде жарияланымның 1 шаршы сантиметрін орналастыру құны (КҚС-пен бірге)	1 265 теңге
Жарияланымды astana-akshamy.kz және vechastana.kz сайттарында қайталап орналастыру құны (КҚС-пен бірге)	30 000 теңге
Жарияланымды Elorda.info желілік басылымында қайталап орналастыру құны (КҚС-пен бірге)	30 000 теңге
Тапсырыс беруші ұсынған мақаланы (2500 таңбаға дейін, бос орындарымен бірге) Elorda.info желілік басылымында қайталап орналастыру құны (КҚС-пен бірге)	40 000 теңге
Мақаланы жазу және оны (2500 таңбаға дейін, бос орындарымен бірге) Elorda.info желілік басылымында жариялау құны (КҚС-пен бірге)	80 000 теңге

Төлем «Elorda Aqparat» ЖШС ұсынған шот негізінде, шот берілген күннен бастап 5 (бес) банк күні ішінде жүргізіледі.

Төлем «Elorda Aqparat» ЖШС-нің тиісті шартта көрсетілген банк деректемелері бойынша жүзеге асады.

«Elorda Aqparat» ЖШС директоры
О. СЫДЫҚБЕК

ЖЫР АРҚАУЫ – АСТАНА

(КӨРНЕКТІ АҚЫН СЕРІК ТҰРҒЫНБЕКҰЛЫНЫҢ «ЖҮРЕГІМ – МҰҢНЫҢ ҰЯСЫ» АТТЫ КІТАБЫ ЖАЙЛЫ)

Ақын Серікпен бір ауданда туған жерлес әрі замандас болсақ та, өмір жолымыз өзгеше болған екен. Ол баяғыда, балаң шағымда Кеңшілік Мырзабеков екеуі қол ұстасып әсем Алматыға кетіп, шығармашылық өмірдің ортасында өсті. Біз елде болғаннан кейін оның баспасөзде жарияланған өлеңдерін бірде оқып, бірде оқымай, қарабайыр тіршілік қамымен өмір сүрдік.

Бүгінде ойлап отырсам, өз басым Серіктің Махамбет пен Кейкі батырға арналған дастандарын ғана зер сала оқыппын. Онда да кітаптарындағы абыз жазушы, заңғар суреткер Әбіш Кекілбайұлының алғы сөзін оқығаннан кейін. Сөйтсем Серік поэзиясы өзі туған Торғайындағы Қызбел тауды жарып ағатын «Құттыбай бұлағындай» мөлдір, таза, алқын-жұлқын емес, сабырлы, салиқалы, нәрлі екен. Одан дала желінің гүлі, дала шөбінің жұпар иісі сезілгендей, жаныңды жай таптырар жақсы әсер тұла бойыңа шымырлап еніп, сиқырлап алады. Еліктіреді, ойландырады, ойыңа ой қосады, санада сарғайып қалған сан алуан қиял бұлақтарының көзін ашады. Жаңа туғандай, қайта туғандай әсер береді.

Мемлекеттік сыйлыққа ұсынған кітабының тақырыбының өзі мені қатты ойландырып қойды. «Жүрегім – мұңның ұясы» дейді. Жаныңды жеп,

сай-сүйегінді сырқырататын, толғандыратын, ойландыратын, бұрынғы Серікті, қазіргі Серікті күнделікті көріп-біліп жүрген адамның жүрегі қан жылататын ауыр сөз. Амал қанша?! Поэзия теңізінде қалықтай жүзіп жүрген Серікке аяқ астынан дерт байланды. Инсулт алып қалды. Қолдан қалам түсті. Енді «Арылмай ардан, иманнан. Таусылмай қалам сиясы. Сан жылдар шер боп жиналған жүрегім – мұңның ұясы» демегенде не дейді?!

Ақыры қайыр, дерттің бұлты сөйіле бастады. Ақын Серік құлан-таза жазылып кетпесе де, жан жары Жаннаның, халқының, ел азаматтарының демеуімен туған елдің төрінде 80 жасын тойлап жүр.

Осыдан 30 жыл бұрын әсем де ару Алматысын қимай-қимай қоштасып, Арқа төріндегі Ақмолаға алғашқы барғандардың бірі – осы Серік Тұрғынбекұлы. Содан да оның бүкіл



тыныс-тіршілігі Тәуелсіздікпен, жаңа астанамен астасып жатыр. Мынау кітабындағы өлеңдерге қарағанда Серік ақын Астананы жырлауындай-ақ жырлап берген екен. «Есімің сенің – елорда» деген бөлімі тұтас қала тіршілігіне арналған. Оқып көрелік: «Жаңаға ескі күнді ауыстырып, Тағатын туған елдің тауыстырып. Қала тұр – Есіл – өзен жағасында, Елдікті ерлікпенен қауыштырып». Бұл – Серіктің ерке Есілмен бүгінде

гүл жайнаған, ел жұмысының қара қазаны бүрқ-сарқ қайнаған, тәуліктің қай сағатында да тыным таппайтын, сырт ел – ішкі ел – шаруасының жібі есіліп, жігі тарқатылатын Астанаға арнаған алғашқы өлеңі. Одан әрі жыр бұлағы ағытыла береді, аға береді.

«Астана қысы». Бұл – ел Үкіметі Ақмолаға көшкен алғашқы қыстағы дала табиғатының тұмса тіршілігін суреттеген жыр жолдары.

«Ақ түтек алай-дүлей – қарлы боран. Қосылып әмірліктің жарлығы оған. Айнала апыр-топыр, алас-күлес. Түскендей әбігерге барлық адам. Жалындап бір қуаныш жүрегінде, Ешкімнің реніші жоқ реңінде. Іздегені, аңсағаны табылғандай, Келгенін бақыт көріп бұл өңірге».

Кеңшілік екеуі бір жылы Торғайдың Түйемойнақ немесе Киров колхозы деген ауылында дүниеге келіп, ақ түтек боранды да, аптап ыстықты да көріп өскен Серікке Ақмоланың бораны таңсық емес еді. Жылы жақта туып өскен жастар мына көрініске жатырқай қарап, үрейленіп жүргенде, Серік сарғыш жүзі бал-бұл жанып, аяз сүйген беті алаулап, кеудесін кере демалатын.

Кітаптағы «Астана көктемі», «Астанадағы «Наурыз», «Астана жазы», «Астана күзі», «Астананың көшелері», «Астана күні арайлы», «Астанада – ұлы

Абай», «Сәкен ескерткіші», «Күлтегін келгенде» деген сияқты тағы басқа өлеңдер – елордадағы әрбір жасалып жатқан жақсы іске қуанғаннан, сүйінгеннен, қазақ елінің жаңа астанасын мақтан тұтқанынан туған шынайы өлең жолдары. Ол терең сезімге, ақынға тән поэтикалық әсерге, сегіз өрім қамшы таспасындай бір-бірімен кіріккен сөз сиқырына толы. Кітапта мұнан басқа да «Тәуелсіздік – тұмарым», «Жыр-тұлға», «Туған жерім – тал бесік» деген өлеңдер топтамасы, Сібір ақындарының жырларынан аудармалары да бар. Жыр-тұлға дарынды композитор Нұрғиса Тілендиевке арналса, туған жер топтамасында өзінің кіндік қаны тамған Торғайының киелі даласын суреттейді. Бұлардың қай-қайсысында болмасын Серік ақын поэзиясының қуаты мен серпіні, таза тіл байлығының молдығы сезіліп тұрады.

Ақындық қуаты толысып, ой-өрісі кемелденген Серік ақынның бұл жинағы – әдебиетімізге қосылған бағалы үлес, елордамыздың дамуын жыр бесігіне бөлеген ерең еңбек. Сондықтан ол Мемлекеттік сыйлық алуға әбден лайық деп білеміз.

Серік ШАЙМАН,
Қазақстанның
құрметті журналисі

Көп жыл мемлекеттік қызметте еңбек еткен ол бүгінде халықаралық гуманитарлық ынтымақтастықты дамытуға, әдеби байланыстарды кеңейтуге және мәдени дипломатияны нығайтуға белсенді атсалысып келеді. Бақытқожа Рүстемов түрлі халықаралық әдеби форумдар мен конференцияларға тұрақты қатысып, бірқатар елдің беделді әдеби ұйымдарымен және жазушылар одақтарымен ынтымақтастық орнатқан. Ол халықаралық әдеби байқаулардың қазылар алқасы құрамында қызмет атқарып, Қазақстанның мәдениеті мен әдебиетін шетелде насихаттауға, сондай-ақ әлем қаламгерлерінің шығармашылық байланысын дамытуға үлес қосып келеді. Ал бастамалары халықаралық әдеби ортада жоғары бағаланып, өзі көптеген шетелдік марапат пен құрметті атаққа ие болған. Біз Бақытқожа Төлегенұлымен сөз өнерінің бүгінгі қоғамдағы орны, жасанды интеллект дәуіріндегі әдебиеттің болашағы, халықаралық мәдени байланыстар және «Әдеби Азия» байқауының әлемдік әдеби кеңістіктегі рөлі туралы әңгімелестік.

– Бақытқожа Төлегенұлы, бүгінде әдебиет өзінің бұрынғы ықпалынан айырылды дегенді жиі естиміз. Әлеуметтік желілер мен қысқа контенттер дәуірінде сөздің құдіреті әлсіреп кеткендей көрінбей ме?

– Бұл пікірмен түбегейлі келіспеймін. Әдебиет ешқашан бір сәттік даңғазамен немесе «лайктардың» санымен өлшенген емес. Оның ықпалы тереңде әрі тектоникалық сипатқа ие. Адамның бүгін оқыған шығармасы ертең оның бүкіл өмірінің бағытын өзгертуі мүмкін. Қоғамда үстірт ақпараттық шу неғұрлым көп болған сайын, нағыз рухани тірекке деген шөл соғұрлым күшейе түседі. Ақпарат тек қабардар етеді, ал әдебиет адамды қалыптастырады, оны ізгілендіреді. Ойлы оқырман ешқайда жоғалған



жоқ, керісінше, мен жастар арасында нағыз сөзге деген қызығушылықтың қалай артып, кітап клубтарының қалай құрылып жатқанын көріп жүрмін. Технология тұрмысты жеңілдетіп, уақытты үнемдеуі мүмкін, бірақ ол ішкі жалғыздық, экзистенциалды күдіктер немесе жоғары мағыналарды аңсау алдында дәрменсіз. Бұл рухани ауруды тек мәдениет қана емдей алады. Тек формасы ғана өзгерді – адамдар электронды тасымалдаушыларға көшті, бірақ сөздің бастапқы энергиясы сол қалпында қалды.

– Көпшілік сізді философ әрі әдебиетші ретінде таниды, бірақ кейінгі жылдары басты визит картаңыз – ауқымды халықаралық қызметіңіз. Халықаралық халықтық дипломатия достастығы мен «Әдеби Азия» байқауын құру идеясы қалай туындады?

– Бұл идея ащы шындықты сезінуден туды: ХХІ ғасырда адамдар бір-бірін естуді қойды. Саясаткерлер көбіне ультиматум тілінде сөйлейді, ал дәстүрлі халықаралық

институттардың жұмысы тұралап тұр. Мұндай сәтте аренаға халықтық дипломатия шығуы тиіс. ХХДД қарапайым адамдардың жүрегі арасындағы көпір ретінде дүниеге келді, ал әдебиет біздің басты құралымызға айналды. «Әдеби Азия» байқауы, шынымен, баламасын табу қиын бірегей жоба ретінде жоспарланды. Оның негізгі концепциясы – планетаның тілдік өртүрлілігін сақтау және құрметтеу. Біз авторлардан міндетті түрде аударма жасауды талап етпейміз. Америка, Африка, Еуропа, Азия немесе Аустралиядан келген әрбір жазушы шығармасын өз ана тілінде жібере алады. Бұл – шынайы гуманизм мен мәдениеттің шекарасы болмайтынының тағы бір дәлелі.

– ХХДД қоғамдық бірлестігінің ресми плактарында көрсетілгендей, «Әдеби Азия» байқауының даму динамикасынан ғажайдыр өсім көрінеді. Осы жылдар ішінде жобаның тақырыптары мен географиясы қалай өзгергені туралы айтып берсеңіз...

– Сіз дұрыс айтасыз, біздің байқауымыздың әрбір жылы жай ғана шығармашылық маусым емес, бұл – Қазақстанның тарихы мен мәдениетіне тамыр жіберген, әлемге жолданған белгілі бір үндеу. Шетелдік жазушылар тақырыпқа бойлай отырып, халқымызды тани түсуі үшін әрбір кезеңді еліміздің ұлы белестерімен саналы түрде байланыстырдық. 2020 жыл (І халықаралық әдеби эстафета-байқау): пандемияның қиын жылында бастап, алғашқы маусымды Абай Құнанбайұлының 175 жылдығына арнадық. Ол кезде бізді 10-нан астам мемлекеттің қатысушылары қолдады. 2021 жыл (ІІ халықаралық байқау): бұл кезеңді Алтын Орданың 750 жылдығына арнадық. Тақырып тарихи тамырымызға деген үлкен қызығушылық тудырды және географиямыз 20 мемлекетке дейін кеңейді. 2023 жыл (ІІІ бүкіләлемдік байқау): бұл жерде меже мүлдем жаңа деңгейге көтерілді. Байқау Сұлтан Бейбарыстың 800 жылдығына және Қазақстан

Республикасы мен Мысыр Араб Республикасы арасындағы дипломатияның орнағанына 30 жыл толуына арналды. 60-тан астам мемлекеттің авторлары қосылды. 2024 жыл (ІV бүкіләлемдік байқау): біз маусымды әл-Фарабидің 1155 жылдығына арнай отырып, Шығыстың ұлы ойшылының мұрасына жүгіндік. Қатысушы елдердің саны 72 мемлекеттен асты. 2025 жыл (V бүкіләлемдік байқау): қызметіміздің ең маңызды кезеңін іргелі тақырыпқа – Қазақ хандығының (Қазақ мемлекеттілігінің) 560 жылдығына арнадық. Бұл орасан зор халықаралық резонанс тудырды: жобаға планетаның 90-нан астам мемлекетінен әдебиетшілер қатысты. Мұндай ауқым, шынымен, таңғалдырады және әлемдік зиялы қауым арасында үлкен серпіліс туғызады. Шетелдік сарапшылар, мысалы, беларус ақыны Александр Раткевич өзінің талдау мақаласында жобаның бес құрлықта мойындалғанын атап өткені мәлім.

– Әлемдік мәдениеттің мұндай әртүрлі полюсін үйлестіріп, олардың назарын Қазақстанға бағыттаудың сыры неде?

– Өзім Мысырда, сондай-ақ, Вьетнам, Ресей, Әзербайжан, Түркия және басқа да елдерде өткен ауқымды халықаралық әдеби фестивальдердің қатысушысымын. Білесіз бе, бүкіл құпия – шетелдік әріптестеріміздің ниетіміздің шынайылығын сезінуінде. Бұл – жай ғана мәдени жобаға қатысу емес, Қазақстанның бірегей өркениет мәртебесін терең мойындау. Байқауымыздың орбитасына осыншама көп елдер мен беделді ұйымдардың өкілдерін тарта алғанымыз әлемнің шынайы, тең құқылы диалогты аңсағанын дәлелдейді. «Әдеби Азия» әрбір дауыс құнды болатын дәл сондай алаңды ұсына алды. Біз үшін Қазақстанның тек табиғи ресурстарымен ғана емес, ең алдымен, өзінің қуатты зияткерлік және рухани әлеуетімен күшті екенін көрсету маңызды болды. Қазақтың бұл бүкіләлемдік әдеби байқауына бүгінде дүниежүзілік 20-дан астам халықаралық әдеби ұжымдар мен бірлестіктер қолдау көрсетіп келеді.

– Бірақ сіздің бас төреші ретіндегі мойындалу ауқымыңыз кеңейген. Білуімізше, сіз славян елдеріндегі (Ресей, Украина, Беларусь) ірі байқаулардың қазылар алқасына шақырылған екенсіз, Кубада өткен «Баланс мира» («Әлем тепе-теңдігі») форумына Орталық Азиядан жалғыз қатысушысыз, сондай-ақ РФ-дағы Бүкіләлемдік жазушылар одағы мен Әлем халықтары ассамблеясының әдеби кеңесінің басшылығына кіресіз. Бұл «Әдеби Азия» жобасы мәртебесінің артқанын білдіре ме?

– Сөзсіз, бұл деректер жобаның жоғары геосаяси деңгейге шыққанын айғақтайды. Бұл – менің жеке еңбегімді емес, еліміздің беделін мойындау.

Сұхбаттасқан
Шапағат ӘБДІР

Күн сайын интернетке 1-2 сағатқа кіріп, қалған уақытта планшетті немесе смартфонды қолына ұстамайтын балаға жағымсыз қылық әлеуметтік желіден жұға ма? Жуырда осы сұрақтың жауабын таптым. Балаға жаһанторды қарауға тыйым салған сайын, оның қызылды-жасылды әлеужеліге деген қызығушылығы артады. Тіпті, күн сайын белгілі бір бейнеойындарды, футболды 1 сағат көретін баланың алдынан әлеужелідегі жағымсыз нәрселер шығып отырады. Баланың психологиясы былай жаратылған: ол айтқанды емес, көргенін істейді. Қазір «трендте болу» деген сөз тіркесін жиі айтып жүрміз. «Трендте болуға» үлкендер де, балалар да үнемі ұмтылып, жұртты таң қалдырғысы келіп тұрады. Міне, осы жерде әлеуметтік желінің адамның танымы мен болмысына жағымсыз ықпалы деген күрделі мәселе алдымыздан шығады. Осы мәселеге сараптама жасалық.

Төлен
ТІЛЕУБАЙ

ТӘУЕЛДІЛІКТЕН НЕ ЖОҒАЛТАМЫЗ?
Биыл 26 наурызда АҚШ-та болған оқиға әлемді елең еткізді. 20 жасар америкалық бойжеткен Alphabet (Google-дің қожайыны) және Meta компанияларының үстінен сотқа арыз жазды. Арызда ол YouTube пен Instagram-ның дизайны өзінің психологиялық тәуелділігін күшейткенін айтыпты. Алқа билер аталған компаниялардың осы платформалар интерфейсін әзірлеуде немқұрайдылыққа жол бергенін анықтап, әлеуметтік желіні пайдаланушыларға мұндай салақтықтан болатын қауіп-қатерлер туралы ескерту жасамағанын негізге алған. Сөйтіп, арызды қараған сот алпауыт компанияларды интернетті қолданушыға әлеуметтік желілерге тәуелділік салдарынан келген психологиялық зиян үшін 4,2 миллион АҚШ доллары көлемінде өтемақы төлеуді ісіндеттеді. Екі компания зардап шегушіге қосымша 1,8 миллион доллар айыппұл төлеуге тиіс. Сайып келгенде, Google мен Meta әлеуметтік желіге тәуелділік туғызғаны үшін әлгі азаматшаға 6 млн АҚШ доллар төлейді. Алайда Meta мен Alphabet соттың бұл шешімімен келіспеді. Алдағы уақытта бұл іс сотта қайтадан қаралатын болды.
Осы оқиғаның өзі адамдардың қазір әлеуметтік желілерге тәуелділігінің күшейгенінің дәлелі. Шынында да біз күн сайын әлеужеліге кіріп, қаншама алтын уақытымызды жоғалтамыз. Әлеуметтік желілердің механизмі физиологиямызға ерекше әсер етеді. Оған қарсылық білдіру қиын: бұл жерде адамның бір нәрсені көруден ләззат алуы бірінші орында тұрады. Мысалы, күнделікті Facebook-ке бір жазба салып, оған қанша адам лүпіл басып, пікір жазғанын тағатсыздана күтеміз. Егер әлеужелідегі достарың, өзге желі қолданушылары пікір жазып, репост жасаса, сол жазбаны қайта-қайта ашып оқып, рахаттану сезімін бастан кешіреміз. Егер сол жазбаны аз адам оқыса, лентаны жаңартып, жазбаның кейбір жерлерін өзгертіп, тағы да басқалардың тарапынан болатын іс-қимылдарға елеңдеп отырамыз. Міне, бұл – тәуелділік. Сол әлеужеліге қайта-қайта кіріп, жазылған пікірлерді оқып, оған жауап жазып, қаншама уақытымызды зая кетіреміз. Оның орнына қызықты бір кітап оқысаң я болмаса досыңмен жүздесіп, емен-жарқын әңгіме айтсаң, жүз есе пайдалы болар еді. Әлеужеліге тәуелділіктен не жоғалтатынымызды біле тұра, солай істейміз.

АШУ-ЫЗА МЕН ПІКІРДІ БҰРМАЛАУ
Мәліметтерді көзбен шолып шығу (визуализация) және биометрикалық

ӘЛЕУЖЕЛІГЕ ТӘУЕЛДІЛІК: ҚЫЗЫҚ ПА, ҚАУІП ПЕ?



ЖҢІ КӨМЕТІМЕН ЖАСАЛДЫ

технология саласындағы америкалық ғалым Жарон Ланье «Әлеуметтік желілердегі аккаунттарды жоюдың 10 аргументі» атты кітабында әлеуметтік медианың адамды ашушаңдыққа, ызақорлыққа итермелейтінін айтады. «Әлеуметтік желілерден адамға төнетін қауіп көп. Соның бірі – ашушаңдыққа, ызақорлыққа ұрындыру. Әлеужелілердің бәрінің негізгі механизмі біреу, ол – желі қолданушыны өзіне тәуелді етіп ұстап, сана-сезіміне, таным-түйсігіне ықпал ету. Мысалы, алғашқы кезеңде әлеужелілер адамдарды біріктіретін құрал болды, ал қазір ол әр адамның ақыл-есін ауыстыратын, ашу-ызаға жетелейтін қызмет атқарады. Адамдар қазір бір-бірінен алыстап, ашу-ызасын төтетін алаңда – осы жер. Дербестендіру жүйесі әр адамның интернетті өзіңше танып-білуіне әкелді. Сол себептен баламалы пікірге бірден үн қосамыз. Демек пікір алуандығын туғызатын жазбалардың өзі желі қолданушыларын адастырады. Өйткені, алгоритм ең белсенді адамдардың пікірлерін жұрттың назарына ұсынып, оған қарсылардың үні естілмей қалады. Осы механизм біздің лүпіл аз басылған пікірлерге деген қызығушылығымызды жояды. Ақиқатты айтқан осы пікір тасада қалып, әділетсіздік салтанат құрады» дейді ғалым.
Пікір демекші, The New York Times басылымы арнайы зерттеу жүргізіп, бөтен бір адамның пікірін оқығандар өз пайымын тез өзгертетінін анықтаған. Бұған көптеген социолог-мамандар қарсылық білдірді, себебі өмірде көрмеген адамның ойын оқып, өзіңнің ойыңды өзгерте салу деген ақылға сыймайды. Әлеуметтік желілер кеңістігінде әр адамның ой-пайымын бұрмалау өте оңай, соның зор қаупін ескермейміз. Бұл жерде жай ғана ой-пікіріңді жазумен іс бітпейді: адамның бойындағы ашу-ыза желіден шығып, шынайы өмірімізге араласып кетеді. Әлеужеліден «жұғатын» қауіпті кеселдің бірі – басқаға еліктеу, өзінді өзгемен салыстыру. Тіпті, өзінде жоқ нәрсені жұртқа өтірік бар қылып көрсету. Біз әлеуметтік желіде көп оқылатын, көп пікір жазылатын, көп репост жасалатын контент жасау үшін өмір сүретін сияқты көрінеміз. Бір алаңдатарлығы, осы кесел жас ұрпақтың санасына сіңіп, трендке айналды.

ҚҰМАРЛЫҚТЫҢ БАСТАУЫ
Қазіргі кезде мектепте 4-8 сыныптарда оқитын балалардың 30 пайызы күн сайын 2-3 сағат уақытын интернет ойындарына жұмсайды. Осыған орай, Астана қаласындағы №97 мектеп-гимназия шығарған «Мен және терезеден

тысқары әлем» атты әлеуметтік зерттеуден алынған деректермен бөліскім келеді. Онда интернет ойындардың пайдасы мен зиянына зерттеу жүргізген 8 сынып оқушылары өте қызықты ғылыми тұжырымдар жасаған. Зерттеудің сұрақтарына жауап берген 27 бала интернет ойындарының үш пайдасы ретінде уақытты қызықты өткізу, дос табу және логиканы дамыту деп көрсетсе, үш зиянды жағы ретінде тәуелділікке әкелуі, денсаулыққа зиян келтіруі және психикаға әсер етуі деп жазған. Назар аударарлығы, балалар интернет ойындарының пайдасымен қатар 5 негізгі қауіп-қатерді тарқатып жазыпты. Соның ішінде тәуелділікке әкелуі, психологиялық әсері және онлайн грумингке тоқталайық. «Көптеген ойындар арнайы мотивациялық жүйемен жасалған: ойыншы ұпай жинап, жаңа деңгейге өтуге тырысады. Бұл үдеріс баланың ойында «тағы ойнағым келеді» деген құмарлық қалыптастырып, тәуелділікке әкеледі. Мұндайда бала уақытта тоқтата алмай, күнделіктегі өмірдегі жауапкершілікті ұмытып кетуі мүмкін. Кейбір ойындардағы зорлық-зомбылық элементтері жасөспірімдердің психикасына кері әсер етеді. Ондай ойындарды ойнаған бала да ашушаңдық, агрессия немесе шынайы өмірге деген сенімсіздік пайда болуы ықтимал. Сондай-ақ, виртуалды әлемге әуестік балаларды шынайы қарым-қатынастан алыстытып, жалғыздық сезімін күшейтеді. Интернет ойындарда бөтен адамдармен байланыс орнату мүмкіндігі бар. Мұндай жағдайда балалар кибербуллингке немесе алаяқтыққа тап болуы қауіп. Жеке мәліметтерін жариялау қауіп-қатерге әкелетінін жасөспірімдер әрдайым түсіне бермейді» дейді зерттеуші балалар. Алаңдатарлығы сол, сауалнамаға қатысқан балалардың 35 пайызы бөтен адамдармен тілдескен, 40 пайызы кибербуллингке ұшыраған, 1-5 пайызы – жеке деректерін бөтен адаммен бөліскен. Зерттеушілер соңынан мынадай қорытындыға келеді: интернет ойындары - заман талабы, одан толық бас тарту мүмкін емес. Дегенмен пайдасымен қатар қауіп де зор екенін естен шығармаған жөн. Ойын уақыты шектеліп, мазмұны дұрыс таңдалса пайдасы тиеді. Бұл жерде ата-аналар мен мұғалімдердің рөлі ерекше: олар балаларға ойын мәдениетін қалыптастырып, уақытты дұрыс жоспарлауға көмектесуі тиіс.

ӨМІР ӨТІП БАРАДЫ...
Әлеуметтік желілер біздің бұрынғы тыныш, шынайы өмірімізді өзгертіп, жасанды, мазасыз қалыпқа түсірді. Әртүрлі жастағы желі қолданушыла-

ры күн сайын өзінің жақсы, бақытты (шын мәнісінде керісінше) өмірін жарнамалаумен жарысады. Алайда біреудің әлеужелідегі парақшасын ақтарып шығып, өзін бақытсыз сезінетіндер жетерлік. Жарон Ланьенің пайымдауынша, қандай да бір нақты мақсаты жоқ, бітпейтін жарыстан кейін осындай сезімді бастан кешеміз. «Сен біреудің жариялаған жазбасына пікір айтып, оны сынап-мінеп отырассың, тура сол сияқты сені де біреулер айыптап, кінәлап өз пікірін жазады. Бұл жарыстан бар тартудың өзі қиынға соғады. Өйткені адамның миы оның ойымен сәйкестікте жұмыс істеп, белгілі бір жағдайда қысымға, күйзеліске ұшыратады. Басқа біреудің мол табысқа, зор жетістікке жетуі бір жағынан қызғаныш туғызса, екінші жағынан әлгіндей әлеужелідегі жұрттың құрметіне бөленген адаммен өзін салыстырып, қайранда шөгіп қалған қайықтай сезінетіні рас. Әлеуметтанушы-ғалымдар мұндай бәсекеде алға озғандарды қуып жетуге ұмтылу ақымақтық деп санайды. Мұндай жағдайда тығырықтан шығатын бір ғана жол бар, ол - аккаунтты өшіру» дейді ғалым. Сонда ғана тыныштық орнап, «өмір өтіп барады» деген қорқыныш сезімінен толық арылатының анық.
Енді қызықты сәтті өткізіп алуға деген қорқыныш (ағылшын тілінде FOMO) туралы айтайық. Әр адам өзіне керексіз болса да жеңілдікпен бір тауарды сатып алуға, ыңғайсыз уақытта смартфонға келген хабарламаны тезірек ашуға бейім тұрады. Заманауи психологияда мұндай хал-күй FOMO (Fear of Missing Out) синдромы немесе айрылып қалған тиімділіктің үрейі деп аталады. Бір жердегі маңызды кездесуге бара алмай қалғандағы психологиялық күйіңізді көз алдыңызға елестетіңізші. Ол әлеужелідегі тренд, тиімді инвестиция, мансап жолымен өсуге мүмкіндік, достардың бас қосуы және өзге де қызықты оқиға болуы мүмкін. Көп ұзамай әлеуметтік желілерге сол оқиғаға қатысқан жандардың салған суреттері мен жазбалары шыққан кезде өкініш пен күйініш ұлғая береді. Әсіресе, әлеуметтік желіні белсенді пайдаланушы болса, оған өте ауыр соққы осы. Ол жасқа қарамайды. Көбінесе FOMO басқа біреудің пікіріне тәуелді жандардың, сондай-ақ табысты сапасымен емес, санымен өлшейтіндердің бойынан бірден байқалады. Мұндай жағдайда әлеужелі айналадағы адамдардың бәрі жақсы өмір сүреді, сол себептен сен де кез-келген мүмкіндікті жібермей, тұра жүгір деген иллюзияны қалыптастырады.
FOMO синдромы ә дегенде пайдалы болып көрінуі мүмкін, ол адамға

күш-қуат сыйлап, тез шешім қабылдауға ықпал етеді деп ойлайсың. Алайда, сол белсенділіктің арғы жағында адреналиннің шектен тыс артуы мен күйзелістің жақсылық әкелмейтіні анық. Артық жобаны жоспарға енгізу, керексіз құрсақ жазылу, адамның санын көбейту үшін пайдасыз жынға бару, соңынан өзінді кінәлі сезініп, шаршаңқы күйге түсу. Ұзақ уақыт осындай күйде болған адам апатияға, үрейге бой алдырып, дұрыс ойлау мен шешім қабылдау қабілетінен айрылады. Ол жақындарынан алыстап, неше түрлі депрессиялық жағдайды басынан кешеді. Мінеки, осының бәрі әлеуметтік желінің адам баласының танымын тамырынан үзіп, зақымдап, денсаулығына зиян келтіріп қана қоймайды, сондай-ақ рухани әлемін зақымдайды.

ЗИЯНДЫ КОНТЕНТТЕН ҚОРҒАУҒА КІМ ДАЙЫН?
Осы мақаланы жазып отырғанымда жаңалықтар таспасынан «ЕуроОдақ көмелеттік жасқа толмағандарға әлеуметтік желілерге шектеу қояды» деген ақпаратты көзім шалды. 13 шілдеде Брюссельде ЕО-ның сарапшылар тобының атынан баяндама жасаған Еуропалық комиссияның төрағасы Урсула фон дер Лйен осылай мәлімдеді. Құжатта сарапшылар 13 жасқа толмаған балаларға ата-анасының бақылауынсыз әлеужеліні қолдануға тыйым салуды ұсынды, себебі бір жыл бойы мамандар әлеуметтік желілердің балалар мен жасөспірімдерге жағымсыз ықпалымен күрес тәсілдерін талқылап, талдаған. Сарапшылар егер онлайн-сервистер баланы тәуелділіктен зорлық-зомбылық пен жеккөрушіліктен қорғай алмаса, жасы үлкен жасөспірімдерге шектеу енгізуді де жақтаған. Бірқатар Еуропа елдері ұлттық заңнамасына өзгеріс енгізіп, мұндай шектеуді бұған дейін де қолданғаны мәлім. Олардың арасында Ұлыбритания, Франция, Испания және т.б. мемлекеттер бар. Балалар мен 16 жасқа толмаған жасөспірімдердің әлеужеліні пайдалануына тыйым енгізген Британ Үкіметі мектептер мен жергілікті қауымдастықтарда әртүрлі үйірмелер мен спорт секцияларын көбейтті. Француз Парламенті 15 жасқа дейінгі балалардың әлеужеліге кіруіне тыйым салатын заңды мақұлдады. Заң 1 қыркүйектен бастап күшіне енеді. Франция 11-15 жастағы балалардың колледжде ұялы телефон ұстауына тыйым салған ел. 2026 жылдың 1 шілдесінде Әзербайжан Үкіметі заңнамаға өзгеріс енгізіп, 16 жасқа дейінгі балаларға әлеужелілерге тіркелуге тыйым салатын норманы іске қосты. Ал Қазақстанда осы мәселе қашан қолға алынар екен?

ТАҚИЯМЫЗ НЕГЕ ТАР БОЛЫП ЖҮР?

Осыдан біраз жыл бұрын екі жарым ғасыр ширегінде Құран кітабының ішіне салып сақталған тақияны көріп таң қалдық. Сараптай келе, қымбат жәдігердің Қоқан хандығының тұсында тігілгені анықталды. Бұл жай ғана бас киім емес, сол кезеңнің қолөнерінен, әдіптеп өрнектеген жүн мен жібектен жасалған жіптің қолданылу әдісінен және әдемі оюынан біздерді хабардар етіп тұрды. Оны киген адам туралы әңгіме және басқа.

Айгүл УАЙС

Ж

алпы мәдени мұраны сақтау тек өткенді сақтау туралы емес, астарында үлкен мәдениет, ұлттық сана, бірегейлік жатыр. Яғни өткенімізге құрметпен қарап, оны бүгінгі ортада жаңғыртып, болашаққа көпір болуды да міндеттейді. Бұл мәселе қазіргі ұлттық киімдерге де қатысты.

Бірақ бұл заман тақиядан қадір кеткен заман болды. Әкелеріміздің тер сіңген тақияларын көрдік. Олардың ескі фотоларынан қарап тақияны егде тартқанда кигенін байқаймыз. Жасында заман үрдісіне сай олар да сәнге еліктеп, фетр қалпақ, кепка киген екен. Ал олардан кейінгі ұрпақ «бейсболка» киіп жүр. Күнқағары бар жасы да, кішісі де басынан тастамалынын осы киім – әлемдегі ең танымал және әмбебап бас киімдердің бірі. Оны 1954 жылы New Era компаниясы америкалық бейсбол ойыншыларына арнап тіккен екен. Сексенінші жылдары атағы әлемге жайылып, тоқсаныншы жылдардан бері қазақтың тойға да, қойға да киетін таз кепешіне айналды.

Бабаларымыздан қалған бөріктер, жұқа ақ киізден жасалған қалпақтар мен тақиялар жоғалып кеткен жоқ. Әлі де әсіресе ауылдық жерлерде ақсақалдарымыздың көркі. Бірақ бұқара болып, ұлттық киімнің қадірін жете түсініп жатқан жоқпыз. Көбіне сахналарда әнші-күйшілер киіп, өнер көрсеткенде көзайым болып қаламыз. Соңғы жылдары Наурызда сандықтың түбінде жатқан шапандарды шығаратын болып жүрміз. Екі-үш күн болса да иығымызда жүреді, әйтеуір. «Сәуір болмай, тәуір болмас» деп тағы бір жылға жылы жауып

қоямыз. Оның себебі де бар. Ұлттық киімдердің бүгінгі ортаға қолайсыз екені айтылып жүр. Әлеміштелген оюына қоса соңғы кезде түрлі суретті матадан тігілетін болған. Күнделікті киюге шыдас беретін, желден ық, суықтан қорғайтын, ыстық өткізбейтін табиғи матадан не жүннен тоқылған матадан тіккен киімдер емес. Және бағасы да қолжетімді емес. Осының бәрі айналып келгенде, халықтың ұлттық киімге деген ықыласын құртты.

Ұлттық киім киюдің «мен қазақпын» деген де астарлы мағынасы бар. Мына жаһандандудың тамағына жұтылмай, таңдайында кептеліп тұру үшін, көптеген ұлыстар мен ұлттардың ортасында маңдайы жарқырап, тым құрығанда өз тақиямызды киіп жүруге мүмкіндік аз болып тұр. Себебі тақияның тапшылығында емес, қалай болса солай тігіліп, заманға сай икемделіп, күнделікті киюге бейімделмегендігінен.

Қызық үшін өзбектердің тақиясының тарихын зерттедім. Жалпы Орта Азия халықтары тақиясымен ерекшеленеді. Сырт қарағанда бәрі бірдей көрінетін бас киімдердің өрнегі мен тігісіне қарай адамның қай өңірден шыққанын анықтауға болады екен. Ферғаналықтардың бұрыштай түскен оюы, бұқаралықтардың барқыттан сәнді тігілген мың сан өрнектері, самарқанның мешіт-медреселерінің өрнегі, хорезм, ташкен, қашқадариялықтардың да өзгеше мәнері болады екен. Демек, таныс-біліске де ұлттық бірегейлікке де тақияның қызметі өтіп тұр.

Жергілікті өзгешеліктер біздерде де бар, адай қалпақ, сәлде орауға, бөріктің ішінен киюге қолайлы етегі аласа Қаратау өңіріне тән. Орталықта сыртқы түріне қарай шошақ төбелі, тікше етіп тігіледі. Шығысқа қарай жалпақ төбелі, етегі биік,

тостаған сияқты түрлері де бар. Бұл дегеніміз не? Тақия болса болды деп алабажақ ою түскен тақияларды сатып алмас бұрын, қай өңірге тән екенін де аңғарып киген мақұл дер едік. Алайда тақия тігушілер оны елеп-ескеріп жатқаны шамалы. Тақияның насихатында бұл да қажетті нәрсе еді. Осы тақиялардың қолайсыз тұсы деп айтуға болады. Оның жан қалтаға екі бүктеп сала салатын бүктемелі болмауы да киімнің кең таралуына әсерін тигізіп жатыр. Рас, бұрындары тақияның қалтасына салып алып жүру болған жоқ. Бірақ қазіргі заманда жайшылықта қалаған киімін киіп, ас, намаз тағы басқа ортада бүктеулі тақиясын қалтасынан алып баса киіп алса неси жамаң. Өзбек, ұйғыр ағайындардың тақиясының бүктеп қалтаға тыға салатын тиімді тұсын тәжірибеге алуға болады ғой. Тақия тігетін матаның басты терлетпейтіндей астарлы етіп, табиғи матадан тігу қажет және астары мен тысының арасына қағаз салып қоқитып қойып, ол бір жұғаннан кейін қалпын жоғалатын тақиялар сатушыға да сатып алушыға да абырой бермейді.

Жарайды, елдің бәрін тақия кигізу міндет емес делік. Бірақ ас, жаназа, өлікте, ұлттық мерекелерде бас киіміз жүрмеуге болады ғой. Тым болмаса сондай жерде қазақ екендігін, білдіріп қаралы жағдай болса да халықпен бірге екенін көрсетіп неге тақия кимеске. Яғни, жынға келгендердің бәрі бір қазақпыз, бәріміз біргеміз деген белгісі ретінде қабылдаймыз.

Тағы да өз ағалығымыздың тәжірибесінен айталық. Осыдан біршама жыл бұрын, мәдениет салсының мемлекеттік қызметшісі жұмысқа өзбек тақиясын киіп келуге үндеді. Соған қарағанда ол жақта да тақияның тағдыры екіұшты болып «бейсболка» басып бара жатыр-ау.



АПАМ АЙТАТЫН...

Ауылда өскен бала мен қалада есейген ұлдың айырмашылығы болатынын байқап жүрміз. Жақында әлеуметтік желіде бір бейнематериал көзге түсті. Қаланың баласы ауылға барған. Бейнеден байқағанымыз, қол жуғыштағы суды ағыза алмай тұрған ұлдың көрінісі езуге күлкі ұялатты. Ол қала тірлігіне үйреніп қалған. Жазғырудан аулақпыз. Алайда ауылдың көрінісі, ауылдың күйбең тірлігі оған жат болып көрініп тұр. Суды ағызудың ыңғайын таппаған әлгі бала анасына мұңын шақты. Ойланып қалдық...

Асантемір
ҚАРШЫҒАҰЛЫ

Қашанда бала тәрбиесіне немқұрайлы қарамайтын қазақ отбасы бүгінгі таңда өзгере бастағанға ұқсайды. Әсіресе қала тұрғындары. Ақ саусақ ұл, ас бөлмесінен алыстау қыз өсіп келе жатқан сыңайлы. Жалпыға топырақ шашудан аулақпыз, ара-тұра байқағанымызды ғана меңзеп отырған түріміз...

Қала тұрғыны ұлы мен қызын әртүрлі шараларға белсенді қатыстырғанымен, олардың ортасына яғни араласатын адамдарына аса мән бере бермейтін секілді. Себебі өзге тілде самбырлаған қазақтың қарақөздерін көшеден кездестіре беруге болады. Әрине, үйренгені де жөн шығар, алайда өз тілін өз мәдениетін білмесе жас өрненнен не күтуге болады?

Рас, қалалық ұл мен қыздардың тәрбиесі ауылдағы балалармен салыстыруға келмейді. Қаладағылар ерте есейетін сияқты. Оның үстіне олардың үлкен ортада өмір сүріп жатқанын ескерсек, ойлау қабілеті, көрген-білгені ауылдағыларға қарағанда жоғары болады-ау деп ойлаймын. Ауылда өскен ұл мен қызды төмен санап отырғаным жоқ. Айырмашылығын айтқым келіп отыр. Ауылда өскен балалар ата-әже тәлімін бойына сіңіріп өседі. Жазық далада еркін өскендігі де әсер етпей қоймайды. Ал қаладағы тірлікті өздеріңіз де жақсы білесіздер. Шеңбер бар, шектеу бар. Сондықтан қаланың баласы басқаша ойлайды. Оларға ауылдың тірлігі оғаш болып көрінетіні сол. Ауыл баласы қалаға тез бейімделіп кеткенімен, бәрібір топырағын сағынып тұрады. Кішіпейіл, кісі алдын кесіп өтпейтін қасиеті, үлкенге-үлкен деп қарай алатындығымен ерекшеленіп тұрады, – дейді қала тұрғыны Ақбота Жұмашева.

«Қалаға барып оқисыңдар, білім аласыңдар, алайда қазақтылықты жоғалтып алмандар» деп апам айтатын.

Апам айтады демекші, бізге бала күнімізде шешей жатар алдында ертегі айтып беретін. Алпамыс батырдың жырларын жаттатып қоятын. Шаңыраққа қонақ келгенде сол жаттаған

жырды меймандарға тыңдатынбыз. Кітап оқуға, шатпақтап жазуға сол апамыздың септігі тигенін жасырып қала алмаймыз. Тіпті қазір сағынатын болдық. Ал қала баласын қазір ертегі айтып ұйықтата алмайсың. Қолына жыламасын деп смартфон беріп қоясың да, құлағыңның тыныштығын ойлайсың.

– Бала тәрбиесіне немқұрайлы қарауға болмайды. Өзіміз де бала болдық.

Қарттардың тәлімін алдық. Әкелеріміз ертегі тыңдатып өсірді. Жаман болғанымыз жоқ. Шүкір, бүгінгі таңда көпбалалы отбасы атанып отырмыз. Қарттардан естігенімізді балалардың құлағына құйып келеміз. Бірақ, баланы қатты шектеуге де болмайтын шығар. «Заманына қарай амалы» дегендей ешкімнен кем қылмай өсіруге тырысып жатырмыз, – дейді көпбалалы ана Іңкәр Құбашева.

Ал психологтар балаларды тұрғылықты жеріне қарай бағалаудан сақ болуға шақырады.

дымен қолайлы психологиялық ахуал, сенімді қарым-қатынас және ересектердің қолдауы қажет. Ең бастысы – баланың қай жерде өскені емес, оның өзін қауіпсіз сезінуі, қолдау көруі және өз мүмкіндіктерін дамытуға жағдай жасалуы.

Қазіргі таңда ақпараттық технологиялардың дамуы қала мен ауыл арасындағы айырмашылықты азайтып келеді. Балалардың білімге, ақпаратқа және өзін-өзі дамыту мүмкіндіктеріне қолжетімділігі артып отыр. Сондықтан балаларды «қала баласы» немесе «ауыл баласы» деп бөлуден гөрі, олардың жеке ерекшеліктері мен күшті жақтарына назар аудару маңызды.

Психолог ретінде айтарым, әрбір бала – қайталанбас тұлға. Оның болашақтағы жетістігі өмір сүрген ортасымен ғана емес, өзіне деген сенімімен, отбасының қолдауымен, сапалы біліммен және айналасындағы адамдардың қамқорлығымен тығыз байланысты. Балаға сенім

АПАМ АЙТАДЫ ДЕМЕКШІ, БІЗГЕ БАЛА КҮНІМІЗДЕ ШЕШЕЙ ЖАТАР АЛДЫНДА ЕРТЕГІ АЙТЫП БЕРЕТІН. АЛПАМЫС БАТЫРДЫҢ ЖЫРЛАРЫН ЖАТТАТЫП ҚОЯТЫН. ШАҢЫРАҚҚА ҚОНАҚ КЕЛГЕНДЕ СОЛ ЖАТТАҒАН ЖЫРДЫ МЕЙМАНДАРҒА ТЫҢДАТАТЫНБЫЗ. КІТАП ОҚУҒА, ШАТПАҚТАП ЖАЗУҒА СОЛ АПАМЫЗДЫҢ СЕПТІГІ ТИГЕНІН ЖАСЫРЫП ҚАЛА АЛМАЙМЫЗ. ТІПТІ ҚАЗІР САҒЫНАТЫН БОЛДЫҚ

Айтуларынша, әр баланың жеке ерекшелігі, отбасы тәрбиесі, эмоционалдық жағдайы мен білім алу мүмкіндігі оның тұлғалық дамуына әлдеқайда көбірек әсер етеді екен.

– Қалада өскен балалардың ақпараттық технологияларға, түрлі үйірмелер мен білім беру орталықтарына қолжетімділігі жоғары болса, ауыл балалары табиғатпен етене араласып, еңбекке ерте бейімделуімен, жауапкершілігі мен төзімділігімен ерекшеленуі мүмкін. Дегенмен бұл ерекшеліктер барлық балаға бірдей тән деп айтуға болмайды.

Баланың бойындағы қабілет пен талантты дамыту үшін ең ал-

артып, оның пікірін құрметтеп, дамуына жағдай жасай білсек, ол өз әлеуетін толық жүзеге асыра алатын саналы әрі жауапты азамат болып қалыптасады, – дейді Астана қаласы әкімдігі психологиялық қолдау орталығының әдіскері Анар Жүркеева.

«Отбасында алдымен өздерің жақсы болыңдар. Балалар сендерден көргенін істейді. Ерлі-зайыпты тату болса, соны көріп өскен бала жаман болмайды. «Балалы үй – базар», қолдарыңнан келгенше баланы қанаттыға қақтырмай, түмсықтыңа шоқтытпай өсіріңдер, ертең өздеріңді бағатын сол балалар» деп үнемі апам айтатын...




– Серік Қуандықұлы, еліміздің денсаулық сақтау жүйесінің жаңа даму бағытын айқындайтын маңызды қағидатты іске асыруға қалай атсалысып келесіздер?

– Мемлекет басшысының тапсырмасы әрбір азаматтың тұрғылықты жеріне, әлеуметтік жағдайына немесе сақтандыру мәртебесіне қарамастан сапалы әрі заманауи медициналық көмек алуына бағытталған. Ұлттық нейрохирургия орталығы осы мемлекеттік саясатты іске асыруға белсенді қатысып келеді. Бүгінде бізде әлемдік стандарттарға сай жоғары технологиялық медициналық көмек көрсетіледі. Ми мен жұлынның аса күрделі ауруларына жасалатын операциялар, гибриді нейрохирургиялық операциялық бөлмеде орындалатын араласулар, гамма-пышақ радиохирургиясы және басқа да инновациялық технологиялар кеңінен қолданылады.

– Жоғары технологиялық нейрохирургиялық көмек дегеніміз не?

– Бұл – күрделі ауруларды емдеуде жоғары дәлдіктегі медициналық технологиялар қолданылатын арнайы мамандандырылған көмек. Мұндай операциялар бұрын өте жоғары қауіппен байланысты болса, бүгінде заманауи жабдықтардың арқасында олардың қауіпсіздігі мен тиімділігі едәуір артты. Біздің орталықта ми ісіктері, ми қан тамырларының патологиялары, омыртқа аурулары, бассүйек негізінің ісіктері, функционалдық нейрохирургия, балалар нейрохирургиясы сияқты көптеген бағыттар бойынша жоғары технологиялық ем жүргізіледі.

– Мұндай күрделі операциялар мемлекет есебінен



жасала ма?

– Иә. Егер пациентте медициналық көрсетілім болса, жоғары технологиялық медициналық көмек ТМККК немесе МӘМС аясында көрсетіледі. Бұл азаматтарға қаржылық ауыртпалық түсірмей, әлемдік деңгейдегі медициналық көмекті өз елімізде алуға мүмкіндік береді.

– Пациент Ұлттық нейрохирургия орталығына қалай жолдама алады?

– Алдымен тұрғылықты жеріндегі емханада немесе бейінді маманның қарауынан өтеді. Қажетті тексерулерден кейін жоғары технологиялық көмек қажет болған жағдайда медициналық құжаттар электрондық жүйе арқылы біздің орталыққа жолданады. Арнайы комиссия әрбір жағдайды қарап, емдеу тактикасын анықтайды.

НЕЙРОХИРУРГИЯЛЫҚ КӨМЕК – ӘРБІР АЗАМАТТЫҢ ҚҰҚЫҒЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев: «Сақтандыру мәртебесіне қарамастан, Қазақстанның әрбір азаматына нейрохирургиядан бастап репродуктологияға дейінгі ең жоғары технологиялық медициналық көмек қолжетімді болуы тиіс» деп атап өтті. Бұл бастама Ұлттық нейрохирургия орталығының қызметінде қалай жүзеге асып жатыр? Осы ретте ҚР ҰҒА академигі, Қазақстанның Еңбек Ері, «Ұлттық нейрохирургия орталығы» АҚ басқарма төрағасы Серік АҚШОЛАҚОВПЕН сұхбаттасқан едік.

гін арттырып, асқыну қаупін төмендетеді.

– Қазақстан нейрохирургиясының бүгінгі деңгейін қалай бағалайсыз?

– Соңғы жылдары отандық нейрохирургия үлкен

даму жолынан өтті. Ұлттық нейрохирургия орталығының 18 жылдық қызметінде 80 мыңнан астам пациентке мамандандырылған көмек көрсетіліп, 60 мыңнан астам жоғары технологиялық опе-



рация жасалды, 75-тен астам жаңа медициналық технология тәжірибеге енгізілді. Бүгінде Қазақстанда бұрын тек шетелде жасалатын көптеген күрделі операциялар сәтті орындалуда. Бұл – мемлекет қолдауының, дәрігерлердің кәсіби деңгейінің және медициналық инфрақұрылымның дамуының нәтижесі.

– Кейбір азаматтар жоғары технологиялық медициналық көмек тек ақылы көрсетіледі деп ойлайды. Осы қаншалықты рас?

– Бұл – ең көп кездесетін жаңсақ пікірлердің бірі. Шын мәнінде, медициналық көрсетілім болған жағдайда жоғары технологиялық нейрохирургиялық көмектің басым бөлігі мемлекет есебінен көрсетіледі. Сондықтан азаматтар дер кезінде дәрігерге қаралып, қажетті тексерулерден өтуі керек.

– Тағы қандай алып-қосарыңыз бар...

– Денсаулыққа қатысты кез келген белгіге бейжай қарамау қажет. Бас ауруының күшеюі, аяқ-қолдың әлсіздігі, сөйлеудің немесе көрудің бұзылуы сияқты белгілер байқалса, уақыт жоғалтпай дәрігерге қаралған жөн. Бүгінде Қазақстанда жоғары технологиялық нейрохирургиялық көмек қолжетімді. Ұлттық нейрохирургия орталығы алдағы уақытта да халықаралық стандарттарға сай медициналық көмекті дамытып, әрбір азаматтың денсаулығын сақтауға қызмет ете береді. Ең бастысы – адамдар өз құқығын біліп, мемлекет ұсынған мүмкіндіктерді тиімді пайдалана алуы керек.

Сұхбаттасқан
Райхан РАХМЕТОВА

ДОМБЫРАМЕН ӨРІЛГЕН ҒҰМЫР

Адамның өмір жолын оның атқарған қызметі ғана емес, ұстанған ұстанымы мен елге қалдырған өнегесі айқындайды. Осындай өнегелі жандардың бірі – әскери медицина саласының ардагері, домбыра өнерінің жанашыры, «Ата толғауы» этноансамблінің жетекшісі Жақсылық Тұрғанбекова.

Жақсылық Әбдіғалиқызы 1961 жылдың 1 қыркүйегінде Алматы облысы Жамбыл ауданының Ынтымақ ауылында дүниеге келген. Түрлі этнос өкілдері тату-тәтті ғұмыр кешіп жатқан қасиетті мекенде өскен ол бала кезінен бірлік пен сыйластықтың қадірін бойына сіңіріп тәрбиеленді. Текті әулеттен шыққан азаматша Шәкәрім Құдайбердіұлының «Қалқаман-Мамыр» поэмасындағы Қалқаман бабаның тікелей ұрпағы екенін зор мақтанышпен айтады.

Өзі дүниеге келген шаңырақ еңбекқорлық пен адалдықтың үлгісін көрсеткен отбасы болды. Әкесі Әбдіғали Сұлубеков қой қыркудан 1972-1974 жылдары қатарынан үш мәрте Қазақстан және КСРО чемпионы атанып, Ұлы Отан соғысы кезеңінде ауыр еңбекпен шыңдалған жан еді. Кейін совхозда ұста болып еңбек етіп, ұзақ жыл бригадир қызметін абыроймен атқарды. Ел құрметіне бөленген азаматтың еңбегі көптеген медальдар және құрмет грамоталарымен бағаланды.

Анасы Бәтші Сазанбайқызы қарапайым сауыншы бола жүріп, қоғамдық жұмыстарға белсене араласты. Ол 1970-1985 жылдары Алматы облыстық депутаттық корпусында қызмет атқарып, бірнеше мәрте Қазақ КСР съезінің депутаты болып сайланды. Еңбек жолындағы табысы үшін «Алтын әрішпен жазылған қазақ әйелдері» энциклопедиясына енді. Алты перзент тәрбиелеп, бүгінде ұрпағының қызығын көріп отырған ардақты ана ауылдың ақылшы әжесіне айналды.

Жақсылық Әбдіғалиқызы Алматы

қаласындағы республикалық №2 эксперименттік мектепте білім алды. Мектеп қабырғасында төрт жыл бойы домбыраны нота арқылы меңгеріп, ұстаздарының мақтанышына айналды. Сонымен қатар би, хор, гимнастика және балет үйірмелеріне қатысып, мәдени шаралар мен телебағдарламаларда жиі өнер көрсетті. Бұл кезең оның өнерге деген сүйіспеншілігін қалыптастырды.

1979-1981 жылдары республикалық медицина училищесінде фельдшер мамандығын игерді. Еңбек жолын академик А.Н.Сызғанов атындағы ғылыми-зерттеу хирургия институтының биохимия зертханасында бастап, 8 жыл қызмет атқарды. Кейін Өтеген батыр кентіндегі орталық аурухананың клиника және бактериология бөлімінде еңбек етіп, медицина саласында мол тәжірибе жинақтады.

1983 жылы шаңырақ көтеріп, төрт перзент тәрбиеледі. Өмір жолында екі қызынан айырылу секілді ауыр сынақты бастан өткергенімен, тағдырдың қиындығына мойымады. Бүгінде ұлы мен қызының, төрт немересінің ортасында бақытты әже атанып отыр.

Қазақстан тәуелсіздігін алған тұста оның өмірінде жаңа белес басталды. 1994 жылы өз еркімен Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің қатарына қабылданып, Бауыржан Момышұлы атындағы 28237 әскери бөлімінің медицина қызметінде 14 жыл бойы ел қауіпсіздігі жолында еңбек етті. Мінсіз қызметі үшін І және ІІ дәрежелі медальдармен, Төтенше жағдайлар министрлігінің құрмет грамоталарымен, Бауыржан



Момышұлы төсбелгісімен, әскери бөлімінің 50 жылдық мерейтойлық төсбелгісімен және көптеген марапаттармен наградталды. 2008 жылы құрметті демалысқа шықты. Алайда зейнеткерлік оның тыныш өмір сүру кезеңіне айналған жоқ. Керісінше, өнер арқылы үлкен буынның өміріне серпін беретін жаңа іс басталды. Домбыра үйретудегі тәжірибесін бағалаған Астана қаласы Байқоңыр ауданы Белсенді ұзақ өмір сүру орталығының басшылығы арнайы шақырып, жаңа ансамбль құруды ұсынды.

2024 жылдың 20 мамырынан бастап бұрын-соңды домбыра ұстап көрмеген 65 пен 85 жас аралығындағы зейнеткерлерге тұрақты түрде сабақ бере бастады. Бір жылдың ішінде 18 қатысушыға 5 күй үйретіп шықты. Ұжымға «Ата толғауы» деген атау берілді. Бұл атау қазақтың күй мұрасын жалғастыру идеясын айқын бейнелейді.

Алғашқы кезең оңай болған жоқ. Әр адамның мінезі әртүрлі, есте сақтау қабілеті де өзгеше. Соған қарамастан жетекші әрбір қатысушыға ерекше ықыласпен қарап, әзіл мен мейірімді

қатар ұштастыра білді. Соның нәтижесінде төрт айдың ішінде ансамбль алғаш рет Ататүрік саябағында халық алдына шығып, ұлттық киіммен үш күй орындады. Бұл өнерпаздардың өміріндегі ұмытылмас белеске айналды.

Бүгінде «Ата толғауы» этноансамблі – Астана қаласы Байқоңыр ауданындағы мәдени іс-шаралардың тұрақты қатысушысы. Домбыра, шаңқобыз, қобыз, баян, асатаяқ, тұяқ, төртбұрыш, сылдырмақ секілді ұлттық аспаптар арқылы да шығармалардың мазмұны мен көркемдік ерекшелігі тереңдей түсті. Ұжымның өнері көрерменнің ықыласына бөленіп, егде жаста да жаңа кәсіпті меңгеруге болатынын дәлелдеп келеді.

2025 жылы ансамбль Қырғызстанның Бішкек қаласында өткен «Достық кілті – бірлікте» халықаралық жобасына қатысып, қазақ халқының ұлттық өнерін шетелде лайықты таныстырды. Өнер ұжымы «Достық кілті – бірлікте» төсбелгісімен және Қырғызстан Мәдениет министрлігінің құрмет грамоталарымен марапатталып, елге үлкен абыроймен оралды. Сонымен қатар

Нұрғиса Тілендиевтің 100 жылдығына арналған «Қатаркөл» шипажайында өткен ауқымды театрландырылған концерттің ұйымдастырылуына белсенді атсалысты. 1 сағат 15 минутқа созылған музыкалық бағдарламада күйлер, сазгердің әндері орындалып, көрерменнің зор ықыласына ие болды.

Бүгінде «Ата толғауы» этноансамблі өзінің екі жылдық белесін еңсеріп, жаңа шығармашылық жоспарларды жүзеге асыруда. Ал Жақсылық Әбдіғалиқызының басты мақсаты – ұлттық мұраны кейінгі ұрпаққа жеткізу, домбыраның қадір-қасиетін дәріптеу және өнер арқылы аға буынның өміріне жаңа серпін беру.

Өнегелі еңбек жолы, әскери қызметтегі адалдығы, медицинадағы жауапкершілігі мен мәдениет саласындағы ізденісі Жақсылық Әбдіғалиқызы Тұрғанбекованың ғұмырын елге қызмет етудің жарқын үлгісіне айналдырып отыр.

Ақмаржан АЛДАБЕРГЕНҚЫЗЫ,
Л.Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университетінің студенті



ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ФЕСТИВАЛЬДЕ ТОП ЖАРДЫ

Еркеғали Рахмадиев атындағы Мемлекеттік академиялық филармонияның камералық хоры – Қытай Халық Республикасының Гонконг және Шэньчжэнь қалаларында өткен II халықаралық хор фестивалінің басты жеңімпаздарының бірі. Өнер ұжымы бірден үш аталым бойынша – «Аралас хор», «Камералық хор» және «Заманауи хор» аталымдарында ең жоғары марапат – Gold Award иегері атанды.

Аманғали ҚАЛЖАНОВ

Камералық хордың көркемдік жетекшісі – Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Гүлмира Құттыбадамова. Фестивальде Данара Ташатова мен Ғабит Әмірғали дирижерлік еткен хор ұлттық музыкалық дәстүр мен заманауи орындаушылық ізденістерді табиғи сабақтастырған концерттік бағдарлама ұсынды. Әр шығарманың көркемдік болмысын ашуда музыкалық драматургияның айқындығы, хор фактурасымен нәзік жұмыс және ансамбльдік үйлесім ерекше рөл атқарды. Фестивальдің ең жарқын сәттерінің бірі ұлы ақын Махамбет Өтемісұлының сөзіне жазылған «Мен – мен едім» шығармасының орындалуы болды. Солистер



Ақжол Серіков пен Абылай Ерболат орындаған туынды концерттік бағдарламаның эмоциялық шыңына айналды. Өлеңнің эпикалық қуаты, ұлттық интонациялық табиғаты мен

хор және жеке орындаушылардың табиғи үндестігі тұтас көркемдік шешім қалыптастырып, халықаралық қазылар алқасы мен көрермендерге ерекше әсер қалдырды. Бұл шығарма фестиваль аясында қазақстандық ұжымның шығармашылық келбетін айқындайтын туынды ретінде танылды.

Көрермендер қытай композиторы Ван Чаоның «Жол» шығармасын да ерекше ықыласпен қабылдады. Қабылдаушы елдің музыкасына ден қою оның мәдени дәстүріне көрсетілген құрметтің белгісі ғана емес, екі халықтың музыкалық мәдениеті арасындағы шығармашылық үндестіктің жарқын көрінісі болды. Интонациялық дәлдік, тембрлік бояудың байлығы мен музыкалық бейненің тереңдігі тыңдарманның ыстық ықыласына бөленді.

АЛТЫН ОРДА МҰРАСЫНА АРНАЛДЫ

Creative Aimaq республикалық жобасы аясында елорданың Qazaq Creative Hub алаңында Ұлытау облысының «Алтын Орданың мұрасы: Ұлы Даладан бастау алған өнер» тақырыбында креативті жәрмеңкесі өтті.

Аталмыш жоба отандық қолөнер шеберлерін, дизайнерлер мен суретшілерді, шығармашылық кәсіпкерлерді қолдауға, сондай-ақ Made in Kazakhstan ұлттық брендин дамытуға бағытталған. Ал Ұлытау – қазақ мемлекеттілігінің алтын қазығы, ұлт тарихының тамыры тереңде жатқан қасиетті өлке. Жәрмеңкеде осы киелі мекеннің бай тарихи-мәдени мұрасы креативті индустриялар арқылы жаңа мазмұнда ұсынылды.

«Креативті индустрияларды дамыту қоры» корпоративтік қоры басқарушы кеңесінің төрағасы Ерлан Каналимовтың мәліметінше, екі күн ішінде іс-шараға 6 мыңға жуық елорда тұрғыны мен қонағы қатысып, жәрмеңке қорытындысы бойынша жалпы сомасы 6 миллион теңгенің креативті өнімі сатылды. Астанаға арнайы келген 60

креатор авторлық зергерлік бұйымдарын, Ethno Fashion топтамаларын, кескіндеме және сәндік-қолданбалы өнер туындыларын ұсынды. Соның ішінде ағаштан, былғарыдан, керамика мен киізден жасалған қолөнер бұйымдары, зергерлік әшекейлер, этно-сән топтамалары мен құрақ көрпелері, ұлттық тағамдар да болды. Сөреге бір апта бұрын ғана елордада өткен BaiQumyz-2026 халықаралық гастрофестивалінің қорытындысында қола жүлдені иеленген Ұлытау облысы, Жаңаарқа ауданында өндірілетін «Qarakush» қымызы да қойылды.

Қонақтар былғары өңдеу, ағаш ою, ұлттық музыкалық аспаптар жасау, ұсталық өнер сияқты дәстүрлі кәсіптердің қыр-сырымен танысып, шеберлік сабақтарға қатысты. Колөнерші, суретші және ди-

зайнерлермен шығармашылық кездесулер ұйымдастырылып, ұлттық өнердің бүгінгі даму бағыттары цифрлық технологиялар арқылы кеңінен таныстырылды.

Кешкі бағдарламада жезқазғандық Jazz Acoustic Band тобының концерті ұйымдастырылды.

«Creative Aimaq – өңірлердің шығармашылық әлеуетін таныстырып қана қоймай, креаторлардың өнімдерін жаңа аудиторияға шығарып, нарықтағы мүмкіндіктерін кеңейтетін тиімді алаң. Жоба аясында алдағы уақытта Қазақстанның өзге өңірлерінің де мәдени мұрасы мен креативті бренді елорда тұрғындары мен қонақтарына таныстырыла береді» дейді «Креативті индустрияларды дамыту қоры» корпоративтік қоры басқарушы кеңесінің төрағасы Ерлан Каналимов.



ОН АЛТЫ ЖЫЛДАН КЕЙІН ОРАЛҒАН ЖЕҢІС

Аптаның ең айшықты жаңалықтарының бірі – миллиондаған жанкүйер тағатсыздана күткен 2026 жылғы футболдан әлем чемпионатының Испания құрамасының тарихи жеңісімен аяқталуы болды. Финалда испандар Аргентинаны қосымша уақытта 1:0 есебімен жеңіп, араға 16 жыл салып өз тарихындағы екінші әлем чемпиондығын жеңіп алды.

Испания құрамасы осылайша 2010 жылы Оңтүстік Африкада өткен әлем чемпионатынан кейін қайтадан әлем футболының шыңына көтерілді. Луис де ла Фуэнте шәкірттері турнир бойы бірде-бір рет жеңілмей, жоғары деңгейдегі тұрақты ойын өрнегін көрсетіп, чемпиондық атаққа толық лайық екенін дәлелдеді.

Финалдық кездесу АҚШ-тың Нью-Джерси штатындағы «MetLife Stadium» аренасында өтті. Матчтың негізгі уақыты екі команданың да сақ әрі тәртіпті ойынының нәтижесінде 0:0 есебімен аяқталды. Қорғанысқа басымдық берген кездесуде қауіпті шабуылдар аз болды. Аргентина негізгі уақыт ішінде Испания қақпасына бірде-бір соққы жасай алмады.

Кездесудің шешуші сәті негізгі уақытқа қосылған үшінші минутта орын алды. Аргентина құрамасының

жартылай қорғаушысы Энцо Фернандес Пау Кубарсиге қарсы жасаған өрескел ойыны үшін екінші сары қағаз алып, алаңнан қуылды. Осыдан кейін аргентиналықтар қосымша уақытта



бір ойыншыға кем өнер көрсетуге мәжбүр болды.

Сан басымдығын тиімді пайдаланған Испания шабуылын үдете түсті. Қосымша уақыттың 97-минутында Нико Уильямстың соққан добы ереже бұзушылыққа байланысты есепке алынбады. Дегенмен испандар өз дегеніне жетті. Матчтың 106-минутында Ферран Торрес қарсылас қорғанысындағы қарбаласты сәтті пайдаланып, кездесудегі жалғыз әрі жеңіс голын соқты. Кейін оның тағы бір добы офсайдқа байланысты есептелмегенімен, бұл ойын тағдырына әсер еткен жоқ. Осылайша Испания құрамасы әлем чемпионаты тарихындағы екінші титулын жеңіп алды. Бұған дейін олар 2010 жылы Нидерланд құрамасын дәл осындай 1:0 есебімен жеңіп, алғаш рет әлем чемпионы атанған болатын.

АЗИЯ ЧЕМПИОНЫ АТАНДЫ

Нұрсұлтан Назарбаев халықаралық әуежайында бокстан U23 санаты бойынша Азия чемпионы атанған Темірлан Мұқатаев пен Ибрагим Бетаевты салтанатты жағдайда күтіп алу іс-шарасы өтті. Оларды туған-туыстары, достары, жанкүйерлер ыстық ықыласпен қарсы алды.



«Сары құрлық додасында 3 жекпе-жек өткізіп, барлығында басым түстім. Әсіресе Үндістан өкілімен өткен бірінші айқасым өте қиынға түсті. Ал финалда көпшілік тағатсыздана күтетін Қазақстан мен Өзбекстан арасындағы жекпе-жек болды. Бірақ ол кезеңдерден де

өтіп, 3 жыл қатарынан U22 және U23 санатында Азия чемпионы атағын еншіледім. Енді толыққанды ересектер боксына ауысып, қазан айында Таразда ұйымдастырылатын Қазақстан чемпионатында 85 келіде топ жарсам деймін. Басты мақсатым – 2027 жылы елордада өтетін әлем чемпионатында қазақтың көк туын желбірету», – деді Темірлан Мұқатаев.

Айта кетейік, Темірлан Мұқатаев жасөспірімдер арасында 2 мәрте Азия чемпионы атанса, жастар арасында үшінші рет қатарынан осы атаққа қол жеткізіп отыр. Темірлан Мұқатаев 2024 жылы Астанада алғаш рет 85 келіде U22 санатындағы құрлықтық додада үздік шықса, 2025 жылы Таиланд елінде 90 келіде бірінші орын алған еді.

Редакция қолжазба иелерінің пікірлері мен көзқарасын бөлісуі шарт емес.



Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген. Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС

Директор – Олжас СЫДЫҚБЕК

Бас редактор – Еркін ҚЫДЫР

Бас редактордың орынбасары – Ғалым ҚОЖАБЕКОВ

Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды. Тираж – 5 100. Апталық таралымы – 15 300
Тапсырыс № 85
Баспахана: Астана қаласы, Сілеті көшесі, 30-үй
«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

Редакция мекенжайы: 010000, Астана қаласы, Достық көшесі, 13, «Нұрсая-2» ТК

Va-reklama@mail.ru
aqsham1990@mail.ru

Кезекші редактор – Олжас ЖОЛДЫБАЙ